

Қарағанды облысы білім басқармасының
Жезқазған қаласы білім бөлімінің
«№13 жалпы білім беретін мектебі» КММ
2021-2022 оқу жылындағы
Қамқоршылық кеңесі отырысының
№6 ХАТТАМАСЫ

Жезқазған қ.

20.05.2022ж

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Күн тәртібі:

1. 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие үрдісінің қорытындысы

С.А.Кулмаганбетова
Р.А.Хаджимурат

2. Жаз-2022 іс-шараларын ұйымдастыру

Әлеуметтік педагог Г.К.Кумбаева
Директордың ТІ жөніндегі орынбасары
Г.Т.Кидербаева

3. «ТҮЛЕК 2022 – Жаңа Қазақстанның ертеңі» атты Балалар жылына арналған мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру туралы

Ж.А.Смагулова

Тыңдалды: мектеп директорының м.а. С.А.Кулмаганбетова, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Р.А.Хаджимурат

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың м.а. Сымбат Алтынбаевна, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Р.Хаджимурат 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие үрдісінің қорытындысымен, 2022-2023 оқу жылындағы оқу -тәрбие үрдісіне қойылған мақсат, міндеттермен таныстырды. /анықтама қоса берілді/

Тыңдалды: Г.К.Кумбаева


Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Галия Каскыровна елімізде балалардың өмір сүру сапасын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдардың, бизнес-топтардың, БАҚ-тың күш-жігерін біріктіру; орталық және жергілікті деңгейлерде баланың құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік саясаттың алдыңғы қатарына шығару; әр баланың құқықтарын насихаттау және қорғау, балалардың құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу, балаларға құрметпен және қамқорлықпен қарау мақсатындағы «Жаз-2022» іс-шараларын ұйымдастыру әзірленген жұмыс жоспарымен таныстырды. Мектепалды сауықтыру және қаладан тыс лагерлерге аз қамтылған, көп балалы, қамқорлықтағы отбасынан балалар, мектеп белсенділері, озат оқушылардан қамтамасыз ету бойынша мәлімдеді. /анықтама қоса берілді/.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.А.Смагулова «ТҮЛЕК 2022 – Жаңа Қазақстанның ертеңі» атты Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында Балалар жылына арналған мектеп бітіру кештерін өткізу бойынша ұсыныстармен таныстырды /анықтама қоса берілді/.

Шешім:


- 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие үрдісінің қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
- «Мектеп оқушыларының 2022 жылғы жазғы маусымындағы демалысын, бос уақытын, жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қарағанды облысы білім басқармасының «Жезқазған қаласы білім бөлімі» ММ 18.05.2022жылғы бұйрығы негізінде оқушылар тізімі, іс-шаралар жоспары құрылсын, мектепалды сауықтыру, қаладан тыс лагерлерге оқушыларды қамтамасыз етуге мектеп бюджетінен қаражат қарастырылсын
- «ТҮЛЕК 2022 – Жаңа Қазақстанның ертеңі» атты Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарында Балалар жылына арналған мектеп бітіру кештерін өткізу бойынша ұсыныстар ата-аналар жиналысында таныстырылып, рұқсат етілмеген мәселелер басты назарға алынсын.

Төрайымы



Р. А. Хаджимурат

Хатшы



С.А. Кулмаганбетова